

## **Еңбекшіқазақ ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы**

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің 2022 жылғы 5 шілдедегі № 09-01 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 12 шілдеде № 28780 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына және 50-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес ШЕШТІМ:

1. Еңбекшіқазақ ауданының Есік қаласы, Қаратұрық ауылдық округінің аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды "Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*А. Бидаев*